

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 13 сәуірдегі N 314 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 4 қарашадағы N 1008 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 13 сәуірдегі N 314 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 13 сәуірдегі N 314 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. "Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 13 сәуірдегі N 314 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., N 11, 120-құжат; N 38, 430-құжат; 2008 ж., N 24, 226-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссияның құрамында : көрсетілген комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Мусин - Қазақстан Республикасы Президенті
Аслан Есболайұлы - Әкімшілігінің Басшысы, төрағаның
орынбасары

Келімбетов - "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ
Қайрат Нематұлы басқармасының төрағасы

"Келімбетов Қайрат Нематұлы - Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы, төрағаның орынбасары" деген жол алып тасталсын;

"Мирчев Александр - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің кеңесшісі";

"Эванс Ричард - "Самұрық" мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдинг" АҚ директорлар кеңесінің төрағасы" деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"Мирчев Александр - "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ директорлар кеңесінің мүшесі";

"Эванс Ричард - "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ директорлар

к е ң е с і н і ң

м ү ш е с і " ;

көрсетілген комиссияның құрамынан Қ.А. Бозымбаев, А.Ғ. Дунаев шығарылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Н. Назарбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ